



**Тақырыбы: Дәрігердің
басшылық қасиеттері және
олардың кәсіптік қызметтегі
алатын орны**

**Дайындаған: Абдусалам М
Алимханова Ш
Тобы: GT-101**

Дәрігер өз шешімдері мен әрекеттеріне толық міндетті және науқастарға көрсетілген жәрдемнің түрлеріне толық жауапты болады. Науқастарға көрсетілген жәрдемнің сапасы ешқашан да оның білімі мен біліктілігінен жоғары болмайтынын есінде сақтап, дәрігер міндетті түрде және үнемі кәсіби дәрежесін жетілдіруі керек. Дәрігер өз әрекетін іске асыруда медицина ілімінің соңғы жетістіктерін қолдануы қажет. Кәсіби шешім қабылдауында, материалдық пайда табу жағы, дәрігерді қиянатқа итермелемеуі қажет.

Дәрі шығару фирмаларының препараттарын тағайындау үшін, дәрігер олардың сыйлықтарын алуға дағдыланбауы жөн.

Дәрілерді тағайындаған кезде, дәрігер тек науқастың құқығын сақтап, меди-циналық көрсеткіштерін басшылық етеді. Соғыс және бейбітшілік жағдайында, медициналық жәрдемді қажет етуші адамдарға, олардың жасына, жынысына, ултына, дініне, әлеуметтік жағдайына, саяси көзқарасына, азаматтылығына және басқадай медициналық емес жағдайына, сонымен қатар, материалдық жағдайына байланысты көмек беріледі.



□ Дәрігер қызметіне байланысты мекемеге қатынасты алынған міндеттерін тиянақты орындауы қажет.

Студенттерді және жас мамандарды оқып жүрген дәрігердің тәртібі және өз міндеттерін орындауға қатынасы лайықты түрде және олар үлгі тұтатындай болуы қажет.

Дәрігердің жекеше тәжірибелігі заң арқылы реттеледі. Дәрігердің басқа дәрігерлерді, жетім балаларды тегін емдеуі – оның парызы және кәсіби адамгершілігі.

Гуманизм мақсатында қызметін атқаруына байланысты, дәрігер тұлғалық беделін заңды түрде қорғауға, жеткілікті материалдық қамтамасыз етуді, соғыс және бейбітшілік кезінде кәсіби әрекетін атқаруға жағдай тудырушы, талап етуге мүмкіншілігі бар.

Дәрігердің ұйымдастырылған (заны түрде) қарсылық білдіру қозғалыстарға қатынасуы, оны өз міндетін атқарудан ауруларына қажетті медициналық жәрдем беруден босатпайды.

- **Емделудің кезеңдеріне қарай, дәрігер мен науқастың қарым-қатынасы дәрігерге түрлі міндет артады. Мысалы, 1-ші сатысында бір-бірін түсініп, ем мақсатына келісім жасалады. Екінші сатыда - коммуникативтік жүйесі құрастырылып, әрқайсысының реттік ролі және емдеуге әрекеттесіп қатынасу дәрежесі анықталады. Үшінші кезеңде дәрігер белсенділігін тежейді, аурудың дербестігіне және тәуелсіздігіне мүмкіндік жасайды. Қарым-қатынас жасаудың қолайлы түріне, дәрігердің белсенді болып, директивті және директивті емес стильдің шегінен шықпауы жатады. Ақылы медициналық жәрдем беру жағдайында, науқастың дәрігерден тосулары және талап қоюы қарқынды өседі. Мұндай жағдайда, екеуінің қарым-қатынасы келісім-шарт үлгісіне негізделеді. Бұл үлгі жеке кәсіпкерлік руһына сай, сұраныс және ұсыныс, нарықтық қарым-қатынасқа байланысты құрылады. Сондықтан, емдеу процесі екі жақты бақыланып, жүргізіледі.**



Дәрігерлік ассоциялардың жұмысына қатысуға, олардың тапсырмаларын орындауға, дәрігер міндетті болады.

Дәрігерлік жұмысын атқаруда, дәрігер аурулардың және медициналық қоғамдастықтың алдында, ал заң бұзылуына байланысты - сот алдында жауапты. Бірақ та, ең алдымен, дәрігер өз ар-ұяты алдында міндетті болуы керек.

Дәрігерлік этиканың орындалуын кәсіби ассоциялар қадағалайды.

Дәрігердің атқаратын алдын алу және емдеу диагностикалық жұмысының әлеуметтік маңыздылығы өте зор.

Адамның денсаулығын сақтау, өмірін қорғау қоғамға талай экономикалық табыс келтіретіні мәлім. Жоғары тәжірибелі, білімді бір дәрігер ғана жүздеген - мықтаған адамдардың өмірін сақтап қалуы нәтижесінде, қоғамдағы әлеуметтік жағдайға маңызды үлесін қоса алады.

Дәрігердің басшылық ролі - бұл дәрігердің белсенді, бастаушы позицияда, лидер ретінде, ал науқастың белсенділігі шамалы, дәрігерге ілесетін жағдайда болуы. Дәрігердің басқару ролін өзіне алуы, беделді және билікті жағдайда болуы арқылы, барлық емдеу кезінде туатын мәселелерді шешуін өз жауапкершілігіне алады. Мұндай дәрігерді, аурудың көбі «дуагер, маг» ретінде қабылдап, оның әрекетіне зәру болады.

Аурулар оның басымдылығыша бейімделіп, оған толық бағынуға даяр. Олардың ойы - «дәрігер барлығын біледі, науқас - ештеңе білмейді». Кемеліне келмеген, ересеймеген, мінез-құлқына қарай басқаруды қажет ететін науқастарда, бұл қатынас қолайлы және қажетті. Қазіргі кезде дәрігердің аурумен қарым-қатынас үлгісі ретінде, оның билік жасау, авторитарлы ролі саналады. Бұлда дәрігер белсенді, лидер позициясында болып, арақатынаста доминант (басқарушы) ролін атқарады. Яғни, ол емдеу және диагностикалық үрдісінде барлық мәселелерді өзі шешіп, толық жауапкершілікті өз мойнына алады (моральдық, психологиялық, құқықтық). Мұндай жағдайда науқас адам дәрігердің бағынуында больш, тәуелді және пассивті емдеу объектісі ретінде саналады. Дәрігер мен науқас арасында тиісті дистанция сақталып, оны бұзуға тосқауылдар қойылады.



russview.ru



Қорытынды:

Дәрігердің басшылық ролі - бұл дәрігердің белсенді,

бастаушы позицияда, лидер ретінде, ал науқастың белсенділігі шамалы, дәрігерге ілесетін жағдайда болуы.

Дәрігердің басқару ролін өзіне алуы, беделді және билікті жағдайда болуы арқылы, барлық емдеу кезінде туатын мәселелерді шешуін өз жауапкершілігіне алады